**Тәрбие - білім беру үрдесінің циклограммасы**
**«Қуаныш» бөбекжайы**
**№7 «Аққу» мектепалды даярлық тобы**
**Балалардың жасы 5-жаста**
**ІІІ- апта мамыр 15.05 -19.05.2023ж**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 15.05 .23** | **Сейсенбі 16.05.23** | **Сәрсенбі 17.05.23ж** | **Бейсенбі 18.05.23** | **Жұма 19.05.23** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, ауарайы туралы сұрастыру, әңгімелеу.**(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербесәрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Үстел үсті ойыны «Оқиғалар» Мақсаты: Тиісті сөздерді тауып құрастыру, буынға бөлу. Баланың ой-өрісін, зейінін дамыту. | Үстел үсті ойыны «Сандар мен цифрлар» Мақсаты: Заттарды санап цифрымен сәйкестердіру (танымдық іс – әрекет) | Үстел үсті ойыны «Не артық?» Мақсаты: Ненің артық және неліктен артық екенін айта білуге жаттықтыру (коммуникативтік іс - әрекет) Өз еріктерімен ойын | Үстел үсті ойыны «Әліппе-лотосы» Мақсаты: Өткен дыбыстарды қайталата отырып, есте сақтау қабілетін арттыру. Сөз, сөйлем құрауға дағдыландыру. | Үстел үсті ойыны. «Мозаика» Мақсаты: Балаларға әр түрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбек-сүйгіштікке тәрбиелеу. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық процедуралар: қолдарын жуу.Кезекшілердің іс-әрекеті: Үстел үстіне ыдыстарды қою.Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**Өз орнына отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.<br>Асың ,асың ,асыңа<br>Береке берсін басыңа<br>Денсаулығың зор болсын<br>Дастарханың мол болсын<br>Аумин **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбер<br>Анам маған – үлкенді сыйла деген,Сол сөз маған ізгілік құйған ерен.Үлкендерден ауысқан кішілікті<br>Үлкендердің өзіне сыйға берем. | | | | |
| **Аптаның тақпағы** | Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен:<br>Таңертең де,кеште де,<br>Жуын күндіз - түсте де. | | | | |
| **Кесте бойынша ұйымдастырылған іс –әрекет** | **Дене шынықтыру 9.40-10. 30**<br>**Мақсаты:** 1.Ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру. Бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу. | **Дене шынықтыру 9.25-9.55**<br>**Мақсаты:** Гимнастикалық скамейка бойымен жүру. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу бір және гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу. Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу. | **Музыка 9.35-10.05**<br>**Мақсаты: Музыка тыңдау:** Әуеннің сипатын, көңіл-күйін әсерлі реңктерін ажырату.<br>**Ән айту:** Музыка жетекшісінің қолымен жоғары- төмен көрсете отырып әуеннің қозғалысын ажыратады.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**Музығаның шырақ сипатын жеңіл жүрістен, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын музыка жетекшісімен бірге орныдайды.<br>**Билер:**Би қимылдарынын элеметтерін еркін орындайды.<br>**БМА ойнау:** Әуеннін ырғақты бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке және барлық топпен ойнайды. | **Дене шынықтыру 16.00-16.30**<br>**Мақсаты:** Кегльдердің арасымен жүру-<br>Қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.<br>Бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр) | **Музыка 9.00-9.30**<br>**Мақсаты: Музыка тыңдау:** Әуеннің сипатын, көңіл-күйін әсерлі реңктерін ажырату.<br>**Ән айту:** Музыка жетекшісінің қолымен жоғары- төмен корсете отырып әуеннің қозғалысын ажыратады.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**Музыканың шырақ сипатын жеңіл жүрістен, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын музыка жетекшісімен бірге орныдайды.<br>**Билер:**Би қимылдарының элеметтерін еркін орындайды.<br>**БМА ойнау:** Әуеннің ырғақты бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке және барлық топпен ойнайд |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері: Мақсаты: (Я)**Дыбыстарды анықтау Сөздерді дыбыстық талдайды: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды. Сөйлемді ауызша талдау біледі: Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыра, бояйды | | | | |
| | **Дидактикалық ойын № 8. «Кім жылдам?»**<br>**Мақсаты:** «Я» әрпімен танысу, «Я» әрпі бар сөзді айту, жаңылтпаш, өлең жаттау, сөздік қорларын дамыту.<br>**Көрнекіліктер:** «Я» әріптің таңбасы, ермексаз, доп.<br>**Ойынның барысы:** балалар шеңбер... тұрып, допты бір-біріне лақтыра отырып, жылдам «Я» дыбысы бар сөзді айтады. Балалар ойын соңында «Я» әрпін ермексаздан жасайды. | **Дидактикалық ойын: № 5. «Жаңа сөз ойла»**<br>**Мақсаты:** «Я» дыбысымен таныстыру. Сөз ішіндегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетінін ұғындыру. Балаларға «Я» дыбысы бар сөз, сөйлем ойлату.<br>**Көрнекіліктер:** коржын, асықтар.<br>**Ойынның барысы:** балалар «Я» дыбысынан басталатын сөздер ойлайды. Сөздердегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз екенін ажырату. «Я» дыбысынан басталатын сөздерді кім көп ойласа, соған асық беріледі. Асығы көп бала жеңімпаз атанады. | **Дидактикалық ойын: № 7. «Орамал тастамақ»**<br>**Мақсаты:** өткен әріптерді қайталау, балалардың сөйлем ойлауына назар аудару, сөздік қорын молайту, ойлау қабілетін, қиялын дамыту.<br>**Көрнекіліктер:** орамал, кеспе әріптер.<br>**Ойынның барысы:** ойын кезінде өтілген әріптер бойынша басқа дыбысты айтып, балаға орамал лақтырады. Бала сөз ойлап, қайта тәрбиешіге лақтыру керек. (б, а, л, ғ, а дыбыстары айтылады). Осы дыбыстардан сөз құрап, тақтаға кеспе әріптер арқылы жаздырады. «балға», «аға», «алға». | | |
| **Кіріктірілген іс-әрекет сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет:Мақсаты: Байланыстырып сөйлеу:**Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер дұрыс таңдауға үйрету **Мазмұндау:**Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. | | | | | |
| **Д/ О №12. «Кім** | Д/ О **№ 7. «Жалпы** | | Дидактикалық ойын: | **Дидактикалық ойын:** | **Дидактикалық ойын:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| жылдам?»<br>**Мақсаты:** Оқу құралдар жайлы түсінік беру.Балаларға мектепке,оқуға қызығушылық,қуаныш сезімдерін туғызу.Жұмбақ шешу,жатқа айтуға үйрету.<br>**Көрнекіліктер:** Оқу құралдары.<br>**Ойынның барысы:**<br>Екі бала ортаға шығады.Үстелдің үстінде тұрған оқу құралдарын шапшаң сөмкелеріне жинайды.Қай бала өзінің оқу құралдарын мектепке дұрыс жинаса,сол жеңеді.Ойынның артынан жұмбақ шешеді және жатқа айтады.<br>Қабат,қабат<br>Қаттама<br>Ақылың жетсе<br>Аттама<br>(Кітап) | атауын ата»<br>**Мақсаты:** Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу. Таныс ойыншықтары жөнінде шағын әңгіме құрастыра отырып, шығармашылық тілдік қызметін дамытады.<br>**Көрнекілік:** Жемістер, ойыншықтар, оқу құралдары, үй жиһаздары.<br>**Ойын шарты:**<br>Балалрға хаттаманың ішіне салынған жемістер, ойыншықтар, оқу құралдары, үй жиһаздары суреттері бар бірнеше сериялы дидактикалық материалды таратып береді. Осы материалдарды жалпы атауына сәйкес топтастыру қажет. Сонан соң, өзінің топтағанын балалар дәлелдеп айтуы тиіс. Мысалы: алма, өрік, алмұрт – жемістерге | | **№ 11. «Қайсысы ұнайды?»**<br>**Мақсаты:** Суреттен көрген заттарының атын атап, суреттеп, қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнағанын айтқызу. Сөздік қорын молайту. Шығармашылық тілдік қызметін дамыту.<br>**Көрнекілік:** Әр түрлі суреттер, жануарлар, жыл мезгілдерінің суреттері.<br><br>**Ойын шарты:** Әр түрлі суреттерді көрсетіп, олардың қайсысының ұнайтыны, не үшін ұнағаны туралы сұралады. Олардың қай мезгілде бейнеленгенін айтқызады. Бaалалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу үшін, тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы балалардың білетін тақпақтарын айтқызуға болады. | **№ 16. «Заттың атын ата».**<br>**Мақсаты:** заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезім-талдығын дамыту, қоршаған орта жайлы тынымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту. Заттарды сипаттау барысында сөздерді орынды қолданып, дыбыстарды дұрыс айту арқылы баланы тілінің дыбыстық мәдениетін жетілдіру.<br>**Көрнекілік**: Ыдыс, суреттер (көкөністер, жемістер) муляж, коржын.<br>**Ойын шарты:** Әр түрлі жемістер, немесе көкөністер суреттері муляждары салынған ыдыстан бала бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады. Мысалы, бала ыдыстан немесе қордыннан алманы алып, пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Немесе баланың көзін байлап қойып, | **№ 3 «Мен қай ертегіденмін»**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды ертегіні зейін қойып тыңдауға үйрету. Ертегінің сөздерін жаттауға, ертегіге дұрыс баға беруді үйрету. Балалардың тіл байлығын дамыту.<br>Құрал-жабдықтар:<br>Таныс ертегілерге иллюстрациялар, ертегі жазылған таспалар<br>**Барысы:**<br>Балалар таныс ертегілерге иллюстрацияларды тамашалайды, олардың мазмұндарын, аттарын естеріне түсіреді. Бала ертегілердің қандай кейіпкерлерімен кездескенін айтады. Олардың қайсысы өздерін жақсы, қайсысы жаман жағынан көрсеткенін әңгімелейді. Бала ертегінің бір иллюстрациясын алып, сол туралы әңгімелейді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жатады. Өтйкені олар – жеміс ағаштары. | | | қордыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да, сипаттайды, атын айтады. | |
| **Қазақ тілі: Мақсаты: Сөздік қор:** Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. | | | | | |
| | Д/О**«Сиқырлы суреттер»**<br>**Ойынның мақсаты:** балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:** әр түрлі сурет бөлінділері.<br>**Ойынның мазмұны:** Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну. | **Д\оКім алғыр?**<br>Мақсаты: Құлақтың естігіштігін, сөздік нұсқаулықты оны айтатын дауыс күшіне қарамастан дұрыс қабылдай білуді дамыту.<br>Қажетті құралдар: Ойыншықтар: куыршақ, аю, мәшине.<br>**Ойын барысы:** Тәрбиеші үстінде ойыншықтары бар үстелдің жанында отырады. Бала одан 2 – 3 метр қашықтықта болады. «Мен сыбырмен сөйлейтін боламын, сондықтан бәрі естілу үшін тыныш отырып, зейінмен тыңда» : Аюды ал және мәшинеге отырғыз. Аюды мәшиненің ішінен ал. Мәшинеге куыршақты отырғыз. | **Дидактикалық ойын: «Қатты – ақырын»**<br>Мақсаты: Дауыс күшін алмастыра білуге үйрету: біресе қатты, біресе жай.<br>Қажетті құралдар: Үлкен және кіші иттер немесе басқа ойыншықтар.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші екі итті көрсетіп айтады: «Үлкен ит қатты үреді «Аб-аб». Үлкен ит қалай үреді? (бала дауысын қатты шығарып қайталайды). «Ал кішкентай күшік ақырын үреді: «Аб-аб». Кішкентай күшік қалай үреді? (бала ақырын қайталайды)» | Д/О<br>**№1. «Сандық»**<br>**Мақсаты:** Балаларды берілген тапсырманы ойлана отырып шешуге, тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу. Ойын шартын түсініп, ондағы мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылпаштардағы дыбыстарды дұрыс, анық айта отырып, тілін дамыту. Сөздік қорын молайтып, тапсырманы орындауда достық, жолдастыққа тәрбиелеу.<br>**Көрнекілік:** сандық, түрлі-түсті асықтар, тапсырмалар жазылған конверт (хаттама).<br>**Ойын шарты:** Сандық ішіне салынған түрлі-түсті асықтар. Асықтар қызыл, жасыл, сары түске боялған. Әр түске берілетін тапсырмалар әр түрлі. Ол тапсырмалар конвертке салынады.<br>*Жасыл асық алған бала: жұмбақ жасырады,* шешкізеді. | **№ 2. «Не артық?»**<br>**Мақсаты:** Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарларды жеке және жалпы аттарын айтқызу. Сөйлеу үлгілерін қалыптастыру, тілін дамыту. Оларды қорғауға, қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>**Көрнекіліктер:** Әр түрлі құстар мен үй жануарлары бейнеленген суреттер.<br>**Ойын шарты:** Үлгідегідей әр түрлі берілген суреттерден не артық екенін табады. Берілген суреттерді топтастырып олырдың жалпы атауын айтады. Неліктен артық екенін түсіндіреді. Жеке мен жалпы ұғым туралы түсініктерін бекітеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қуыршақты мәшинемен қыдырт. Бала бұл тапсырмаларды естуі, түсінуі және орындауы қажет. тапсырмалар қысқа және жеңіл,ал айтылуы ақырын,бірақ айқын болу керек. | | Сары асық алған бала: мақал-мәтел айтады. Қызыл асық алған бала: тақпақ, өлең оқиды. | |
| | **Қоршаған орта.Мақсаты Табиғатпен таныстыру:** Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін ажырату. **Жануарлар әлемі:** Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); | | | | |
| | | **Дидактикалық ойын: № 6 «Қай жануар қайда мекендейді?»** **Мақсаты:** жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Ойынның шарты: ойыншыға тасты беріп жануарларды суреттеу арқылы қай жануар екенін дұрыс таба білу. Ойынның барысы: жүргізуші балаларды ойынның мазмұнымен таныстырады: - Естеріңде ме, балалар, біз суреттеу арқылы екі заттың ұқсастықтарын тауып үйренгенбіз. Бүгін біз былай ойнап көрелік. әркім екі жануарды көз алдына елестетіп, | | | **Дидактикалық ойын: № 21 «Құстар»** **Мақсаты:** Құстарды топтастырып, аттарын атау. **Керекті құралдар:** Қыстап қалатын және ұшып кететін құстардың суреттері. Ойын шарты: Белгі бойынша құстарды екі топқа топтастыру (жыл құстары, ұшып кететін құстар). **Ойын барысы:** Ойыншылар «Жыл құстары», «Ұшып кететін құстар» болып екі топқа бөлінеді. Үстел үстінде жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың суреттері араласып жатады. Жүргізушінің белгісі бойынша, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | олардың бір-бірінен айырмашылығы мен ұқсастығын суреттеп береді. Біз жауабын тауып, қайда мекендейтінін айтамыз. Мен қолымдағы тасты кімге берсем, сол жұмбақтайды. Тасты алған бала былай жұмбақтауы мүмкін: «Екі жануар да жылдам қимылдайды». Біреуі сұр түсті, екіншісі сары түсті. Біреуі тауықтарды жақсы көреді, өзі сондай қу, ал екіншісі малға шабады, өзі қорқау. Бұлар қандай жануарлар және қайда мекендейді? Деп тасты екінші балаға ұсынады. Ол жауабын айтады. Жауап дұрыс болмаса, айыбы төленеді. Ойынды осылай жалғастыра беруге болады. | | | балалар өз топтарының атына сәйкес құстарды топтастырып, аттарын атайды. Бір құсты екі рет атауға болмайды. Жаңылысқан бала, ойын соңында айыбын құс туралы өлең тақпақ, жұмбақ айту арқылы өтейді. |
| | **Математика негіздері . Мақсаты: Сан және санау:**Топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау<br>**Шама:** Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. | | | | |
| | **Дидактикалық ойындар:**<br>№ 12 **“Поезд құрастыр”**<br>**Мақсаты:** 1-ді қосу | **Дидактикалық ойындар:**<br>**«Қандай сандар** | | **Дидактикалық ойындар:**<br>**№ 14 “Қай** вагонға | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кестесін қайталату.<br>Көрнекіліктер: 1-ді қосу кестесі берілген карточкалар, 0+1, 1+1, 2+1, т.с.с.<br>Барысы.<br>Тәрбиеші карточкаларды оқушыларға таратып береді, оларды вагондар, ал бір оқушыны тепловоз деп тағайындайды.<br>Оқушылар қолдарындағы карточкаларына қарай отырып, алдымен "тепловозға" ретімен тіркелуі тиіс. | **жетіспейді»**<br>**Мақсаты:** Сандарды тани білуге аталған сан арасындағы санды тани білуге үйрету.Балалардың ойлау қабілетін жетілдіру.<br>**Көрнекіліктер:**<br>Сірінке қорабындағы таратпа материалдардағы сандар.<br>**Ойын барысы:**<br>Тәрбиеші екі санды атайды, мысалы 3-5 деп атаса балалар қораптан сол сандарды алып ортасындағы санды қою керек,солай бірнеше рет қайталау. | | **мінемін?"**<br>**Мақсаты:** сандардың құрамын білу, таңбаларды айыра алуға, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Көрнекіліктер:<br>тепловозға нөмірленіп тіркелген сан өрнектері жазылған карточкалар.<br>Барысы.<br>Амалдарға берілген сан өрнектері жазылған үлестермелері карточкаларды тарату. 1+4, 9-4, 2+3, 10-5 т.с.с. олардың мәні бала отыратын вагонға сәйкес. Мысалы, 5-ші нөмерлі вагон, өрнектерінің жауабы 5 ке тең оқушылар, сан вагон ілесіп, тіркелуге тиіс. | |
| | **Сурет.Мақсаты:** Заттық сурет салу. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу. | | | | |
| | Көктем | Құмырсқа | Ара | «Гүл» | Алма ағашы. |
| | **Құрастыру.Мақсаты:**Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істейді, бейнені кескіні бойынша кию үшін қайшыны қолданады. Табиғи, қалдық материалдардан құрастырады. | | | | |
| | Қарлығаш | Аққу | Үйрек | Көктемді құрастыр | Құстарды құрастырып жина |
| **Көркем әдебиет орталығында іс-әрекет** | **Жеке жұмыс Сауат ашу негіздері**<br>**Мақсаты:**<br>Қолды жазуға дайындау. Жазу | **Жеке жұмыс Сауат ашу негіздері**<br>Мақсаты: «**(ю)** » дыбысы және әріп таңбасын таниды | **Жеке жұмысСауат ашу негіздері**<br>**Мақсаты**«Х» дыбысы және әріп таңбасын таниды | **Жеке жұмыс Сауат ашу негіздері**<br>**Мақсаты**: қатаң және ұян дауыссыз дыбыстарды ажырата | **Жеке жұмыс Сауат ашу негіздері**<br>**Мақсаты:**дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты | | | білу; | дыбыстық талдау жасау |
| **2- таңғы ас** | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту,тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. | | | | |
| **Коррекциондық сағат** | Сеилханов Санжар 10.35-10.55 | Темір Сұлтан 10.35-10.55 Сеилханов Санжар 12.15-12.40 | | Сеилханов Санжар 11.00-11.15 Темір Сұлтан 11.15-11.30 Топпамен | Сеилханов Санжар 10.35-10.55 |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді [illegible]ылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, [illegible] және ұсақ моторикаңы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | **№ 14 Гүлдене бастаған алма ағашын бақылау.** **Мақсаты:** жеміс ағаштары туралы балалардың білімін арттыру. Алма ағашының гүлденіп, аппақ болып, кішкентай жапырақтарының да әзірше көрінбейтіндігін атап айту. Алма ағашының гүлдеріне көп аралар жиналатынына балалардың назарын аудару. **Көркем сөз:** Алма пісті қызыл алма, ақ алма, Оттай болып басылады | **№ 7 Алғашқы жасыл өскіндерді бақылау** **Мақсаты:** балалардың байқағыштық [illegible] қасиеттерін дамыту. Балалардың өс[illegible] қауымының өс[illegible] дамуы туралы [illegible]лігін күннің ұзаруы[illegible] жылынуымен байланыстыру. Шөп өсімдіктері туралы сөз болғанда әр шөптің өз атауы болатындығын айтып түсіндіру. Көктемдегі жасыл желекке сүйіспеншілікпен қарауды үйрету. **Көркем сөз:** Көктем келді, құлпырды гүл | **№ 8 Көктемгі көшет отырғызу жұмыстарын бақылау.** **Мақсаты:** балалардан ағаш, бұтаны қалай отырғызатындары туралы түсініктерін тексеру. Көшеттерді көріп, оның тамыры, бүршіктері болатынын атап көрсету. Еңбекке қатысу құлшыныстарын қолдап, оның қалыптасуына тәлім - тәрбие жүргізу. **Көркем сөз:** Құс келіп, пан далаға ән кіреді Қураған ағаштарға сән кіреді. | **№ [illegible] Аспан мен күн көзін бақылау.** **Мақсаты:** балалардың на[illegible]рын көктем м[illegible]гіліндегі ж[illegible]рқыраған күн көзіне, а[illegible]ық аспанға аударып, ә[illegible]гіме - сұхбат жүргізу. Сондай - ақ күн көзінің таңертең ерте "оянып" жоғары көтерілгеніне, жер - ананы, барша табиғатты мол шуағына бөлеп тұрғанына балалрдың көңілін аударып, әңгімелеу. Аспанда мап - мамық түйдек бұлттар қалқып жүргендері қандай тамаша!Көктемдегі | **№ 9 Ағаштар мен бұталарды байқау.** **Мақсаты:** балаларды қоршаған ортамен таныстыруды одан әрі жалғастыру. Балабақша ауласында өсіп тұрған ағаштар мен бұталар туралы балалардың білімдерін арттыру. Ағаштар мен бұталардағы жапырақтардың, бүршіктердің түрі қандай, олардың қалай орналасқандары туралы түсінік беру. Көркем сөз: Қыста киімін тастайды, Көктемде киіне бастайды. (*ағаш*) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жанарға.<br>Сілкіп қалсақ бір бұтағын ақырын,<br>Топырлап бір төгілгені жаман ба?<br>Еңбек: алма ағашы түбінің жан - жағынын жерін қопыстап, су жиналатындай шұңқырша жасау.<br>Мақсаты: балаларды ағаштарды күтуге, еңбек етуге үйрету. | бәйшешек,<br>Тамшы ақты төбеден, терлеп әйнек.<br>Бойын жазды тал ағаштар көркейіп,<br>Қонсын деп бұтағыма торғай, көкек. | Қой қоздап, ешкі лақтап, бота боздап,<br>Ауылдың өміріне мән кіреді.<br>**Еңбек:** ағаш, бұталарды отырғызуға қатысу.<br>**Мақсаты:** үлкендерге көмек көрсетуді дағдыландыруға тәрбиелеу. | аспан әлеміне, күн көзіне, күннің ұзаруына көңіл бөліп, балалармен сұхбат жүргізу.<br>**Көркем сөз:**<br>Әнге бөлеп төбені,<br>Құстар ұшып келеді.<br>Аппақ бұлттар аспанда,<br>Ақ жаңбырын төгеді. | |
| **Серуеннен оралу** | **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту)<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** . **(сөйлеуді дамыту)**<br>Дастырханның басында<br>Әдептен біз озбаймыз<br>Үлкендердің қасында,<br>Қолды бұрын созбаймыз,<br>Міне бітті түскі ас | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Әуенді кигіз үйі»<br>Электонды музыкалық құралдан баяу музыка тыңдау | Релаксациялық әуен, ұйқыға батамыз тәтті түсті көреміз | Балалардың қалауымен ертегі айтып беру. | «Даналық әліппе»<br>Электронды оқулықтан ертегі тыңдау. | «Әуенді кигіз үйі»<br>Электонды музыкалық құралдан баяу музыка тыңдау. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.(**мәдени-гигеналықдағдылар**) | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың мәдени гигеналық дағдыларын дамыту, тамақтану қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету.өзіне | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызмет ету дағдыларын жетілдіру «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастыру іс-әрекеті. | Рухани жаңғыру: «Оюлар» | | «Әріптер әлемі» «Сөйлем оқу» <br> Би:15.30-15.55 | | Жол жүру ережесі: « ЖЖЕ сақтауларын үйрету» <br> Би:16.15-16.45 |
| **Қосымша ұйымдастырылған іс-әрекеті.** <br> **«Бәрін білгім келеді»** | **«Көктемде ...»** әңгімелесу, видео, суреттер көрсету | **«Көктемде жел болама?»** Баланың сұрағына жауап айтып, әңгімелесу, видео, суреттер көрсету | **«Алма ағашы қалай гүлдейді?»** Баланың сұрағына жауап айтып, әңгімелесу, видео, суреттер көрсету | **«Жапырақ қалай пайда болады?»** Баланың сұрағына жауап айтып, әңгімелесу, видео, суреттер көрсету | **Алғашқы жасыл өскіндер қалай пайда болады?** Баланың сұрағына жауап айтып, әңгімелесу, видео, суреттер көрсету |
| **Қазақ сөздерін есте сақтау сөздігі** | **Тақырып: Іс-қимылды білдіретін сөздер:** Жүр, отыр, тұр, бар, апар, бер, ал, әкел, іш, жуу, кел, секір, жүгір, қуып жет, қуып жет те ұста, ұйықта, ойна, тығыл, қаш, қу, ұста, жина, сапқа тұру, ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер, төсекке байқап міну (түсу), түймені дұрыс тағу, гүлге су құю, сырғанау. | | | | |
| **Зерттеу қызметі – Мен зерттеушімін** | **Тақырыбы:** «Шие ағашын бақылау» **Мақсаты: даладан ағаш бұтағын алып келіп оны әр түрлі жағынан бақылау зерттеуін ұйымдастыру.** Балалардың логикалық ойлауын, тілін, сөздік қорын, есте сақтау қабілетін дамыту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Сурет салу бояғыштарды қолдана отырып** <br> **Балалардың өз таңдауымен дербес ойындар** | **Мүсіндеу Еркін ой қиял бойынша** <br> **Балалардың өз таңдауымен дербес ойындары** | **Дүкенші желелі рольді ойындар** <br> **Балалардың өз таңдауымен дербес ойындары** | **Шаштараз желелі рольде ойын ұйымдастыру** <br> **Балалардың өз таңдауымен дербес ойындары** | **Аспазшы желелі рольде ойын ұйымдастыру** <br> **Балалардың өз таңдауымен дербес ойындары** |
| **Ойын түрінде, интеграцияланған ҮІӘ. Белсенділік орталықтарындағы жұмыс** | **Мүсіндеу**. Мақсаты:Бақылаған заттың бейнесін бере біледі, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндейді, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістейді және кескішті пайдаланады. | | | | |
| | Көктемгі ағаш | Құмырсқа | Ара | Инелік | Гүл |
| | **Жапсыру.** Мақсаты:Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолданады. | | | | |
| | Оюларды қию | Сандық әшекейлеу | Кілемше | Текмет әшекейлеу | Сақина |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таным орталығында іс-әрекет** | Көрнекілік арқылы8 санының құрамын біледі<br>8 көлеміндегі санды тура және кері санайды | Көрнекілік арқылы9 санының құрамын біледі<br>9 көлеміндегі санды тура және кері санайды | Құрастырмалы, пазылдар, текшелер арқылы өз еркімен ойын ұйымдастыру | Көрнекілік арқылы10 санынынқұрамын біледі<br>10 көлеміндегі санды тура және кері санайды | «Қанша?»,«Не... сұрақтарын ажыра... оларға дұрыс жауап береді. |
| | Кітапхана орталығында іс- әрекет- балалардың таңдауымен кітаптағы түрлі түсті суреттерді қарау **(коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге шығу. Балалардың өз өзіне қызмет ету дағдысын дамыту. (Өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап,өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуіне үйрету) | | | | |
| **Серуен** | **№14 Картотека**<br>**Қимылды ойын:**<br>"Бас ойыншыға допты дәл бағыттау"<br>**Мақсаты:** допты нысанаға бағыттай білу, допты қағып ала білу, ептілікке үйрету.<br>**Қимылды жаттығулар:** допты оң, сол қолымен жерге ұра отырып, айнала жүруге үйрену. | **№7 Картотека**<br>**Қимылды ойын:**<br>"Қармақ"<br>Мақсаты: балаларға жылдам секіруді және ептілікке үйрету.<br>**Еңбек:** балаларды гүлзардағы гүл үймелерін гүл отырғызуға дайындау.<br>**Мақсаты:** гүл отырғызу жұмыстарымен таныстыру.<br>Жеке жұмыс: допты жоғары лақтырып, екі алақанды бір-біріне соғып, допты қағып алуға дағдыландыру.<br>Мақал - мәтелдер:<br>Көктем гүлге толы болса,<br>Күз жеміс - жидекке молы болады.<br>Сәуірде су көп болса,<br>Мамырда шөп көп болады. | **№8 Картотека**<br>**Қимылды ойын:**<br>"Ақ серек, көк серек"<br>**Мақсаты:** тез жүгіруді, жалтаруды, ептілікке үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** гимнастикалық орындықта аяқты салмақпен басып, адымдап жүру. | **№4 Картотека**<br>**Қимылды ойын:**<br>"Ордағы қасқыр"<br>**Мақсаты:** ұзындыққа секіруді, тез жүгіруді, белгі бергенде бірден жүгіруді үйрету.<br>**Еңбек:** жолды қардан тазалап, сыпыру жұмыстарын жүргізу.<br>**Мақсаты:** еңбекке дағдыландыру, қоян - қолтық бәрі бірге еңбек ету.<br>**Жеке жұмыс:** доппен жаттығулар, допты қабырғаға лақтырып, кейін серпілген допты қағып ұстап алу. | **№9 Картотека**<br>**Қимылды ойын:**<br>"Допты түсіріп алма!"<br>**Мақсаты:** қимылды бір бағытта жүргізіп, ептілікке үйрету.<br>**Еңбек:** ағаштардың айналасын (түбін) топырақпен жабу.<br>**Мақсаты:** ағаштарға күтім жасау, еңбекке баулу.<br>**Жеке жұмыс:** допты оң, сол қолдарымен кезек - кезек жерге ең кемінде 10 рет соғу. |
| **Серуеннен оралу** | **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау | | | | |
| **Кешкі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс. | | | | |
| **Балалардың жеке өздік іс-әрекеті (қозғалысы аз ойындар,үстел ойындары,бейнелеу өнері, кітаптарды қарау және басқалар)..** | Балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, педагог күні бойы ұйымдастырған шағын ұтқырлы (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперименттік, еңбек, өзіне-өзі қызмет көрсету) балалардың әртүрлі іс-әрекеттері, балалармен жеке жұмыс жүргізу. | | | | |
| | Кітапхана ертегіні оку **Әлеуметтік эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру)** | Үстел-үсті ойыны Пазлы жинау **(Балалардың жеке өздік іс-әрекеті)** | Үстел-үсті ойыны Домино ойнау. **(Балалардың жеке өздік іс-әрекеті)** | Үстел үсті ойыны құрастыру **(Балалардың жеке өздік іс-әрекеті)** | **Тұрмыстық шаруашылық еңбек:** ойыншықтарды жуу **Мақсаты:** еңбектене білуге тәрбиелеу |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналармен балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша сұрақтарға жауаптар. Баланың балабақшаға ертең келуіне жақсы мотивация беру. Балабақшаға төлемақы жасауды ұмытпауды ескерту. Таза ұқыпты етіп тарақтарын әкелу. | | | | |

**Тәрбиешілер:** Калауова Г.С.

Дене шынықтыру нұсқаушысы: Касенова Б.С

Музыка жетекшісі: Бейсембаева А.А

**Қортынды мен ұсыныс:** ____________________

**Тексерген:** ________

**«Қуаныш» бөбекжайы**
**№7 «Акку» мектепалды даярлық тобы**
**Балалардың жасы 5-жаста**
**IV- апта мамыр 22.05-26.05.2023ж**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 22.05.23 | Сейсенбі 23.05.23 | Сәрсенбі 24.05.23ж | Бейсенбі 25.05.23 | Жұма 26.05.23 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, ауарайы туралы сұрастыру, әңгімелеу. **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербесәрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Үстел үсті ойындары. Кітаптарды карап танымын кеңейту.Кесте бойынша ойын | Үстел үсті ойындары Әліппе-лотосы лего, пазл, құрастырмалы дидактиалық ойындар. | Үстел үсті ойыны Суреттер құрастыру Өз еріктерімен ойын | Үстел үсті ойыны. Геметриялық пішіндер (Танграмм) Және логикалық карточкалар ойыны Жұбын тап | Үстел үсті ойыны. Геметриялық пішіндер (Танграмм) және Қарама-карсылықтар үстел үсті ойын карточкалары (тіл дамыту іс-әрекет) |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық процедуралар: қолдарын жуу.Кезекшілердің іс-әрекеті: Үстел үстіне ыдыстарды қою.Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнына отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.<br>**Бата:**<br>Алдан ас кетпесін,<br>Кетпес байлық,<br>Қайтпас ырыс берсін.<br>Дәулетің тасып жатсын,<br>Жасың жүзден асып жатсын! (Әумин) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбер<br>Достығымыз берік боп,<br>Бекітейік беріп қол.<br>Қуанышты шеңберге,<br>Қандай жақсы қол берген! | | | | |
| **Аптаның тақпағы** | Ән салуға барамыз,<br>Досымызды табамыз.<br>Сәлемет пе! Міне, мен!<br>Доспын енді сенімен. . | | | | |
| **Кесте бойынша ұйымдастырылған іс –әрекет** | **Дене шынықтыру 10.50-11. 20**<br>**Мақсаты:**.<br>**1**.Тепе-теңдік сақтап заттардан аттап жүру. Иықтары мен тізелеріне сүйене отырып еңбектеу. Бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр),<br>**2**.Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу. Екі тізенің арасына қапшықты қысып алып секіру.<br>**3** Эстафеталық ойындар..Велосипед, | **Дене шынықтыру 9.25-10. 05**<br>**Мақсаты:**<br>**1**.Тепе-теңдік сақтап заттардан аттап жүру. Иықтары мен тізелеріне сүйене отырып еңбектеу. Бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр),<br>**2**.Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу. Екі тізенің арасына қапшықты қысып алып секіру.<br>**3** Эстафеталық ойындар..Велосипед, | **Музыка 9.25-10.05**<br>**Мақсаты. Музыка тыңдау:** қазақ халық әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға қызығушылықты тәрбиелеу.<br>**Ән айту:** әнді музыкалық талғаммен орындауға үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимыл:**би қимылдарын меңгеру: бөлшек қадам, ауыспалы қадам, Кантер, әр түрлі бағытта жүру.<br>**Би:** мәтінге сәйкес әнді сахналау қабілетін дамыту;<br>шығармашылық тапсырмаларды орындауға | **Дене шынықтыру 16.00-16.30**<br>**1**.Тепе-теңдік сақтап заттардан аттап жүру. Иықтары мен тізелеріне сүйене отырып еңбектеу. Бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр),<br>**2**.Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу. Екі тізенің арасына қапшықты қысып алып секіру.<br>**3** Эстафеталық ойындар..Велосипед, самокат тебу, оңға | **Музыка 9.00-9.30**<br>**Мақсаты Музыка тыңдау:** қазақ халық әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға қызығушылықты тәрбиелеу.<br>**Ән айту:** әнді музыкалық талғаммен орындауға үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимыл:**би қимылдарын меңгеру: бөлшек қадам, ауыспалы қадам, Кантер, әр түрлі бағытта жүру.<br>**Би:** мәтінге сәйкес әнді сахналау қабілетін дамыту;<br>шығармашылық тапсырмаларды орындауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | самокат тебу, оңға және солға бұрылу. Әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту | самокат тебу, оңға және солға бұрылу. Әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту | ынталандыру. **БМА ойнау:**: балалар музыкалық (дауылпаз, асатаяк, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, металлофон, ксилофон, Үшбұрыш, дабыл, барабан, маракас, румба) және Шу аспаптарында (дәстүрлі емес материалдан) ойнау тәсілдерімен таныстыру. | және солға бұрылу. Әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту | ынталандыру. **БМА ойнау:**: балалар музыкалық (дауылпаз, асатаяк, сазсырнай, тұяктас, қоңырау, сыбызғы, металлофон, ксилофон, Үшбұрыш, дабыл, барабан, маракас, румба) және Шу аспаптарында (дәстүрлі емес материалдан) ойнау тәсілдерімен таныстыру. |
| | **Сауат ашу негіздері: Әріптерді қайталау Мақсаты:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсінеді . **Сөйлемді ауызша талдау:** Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салуды жазуды біледі. | | | | |
| | **Дидактикалық ойын «Кім шапшаң сөйлем құрайды?» Мақсаты:** Балаларға сөйлем туралы түсінік беру. Суретке қарап сөйлем құру. Ол балалардың ой-өрісін, сөздік қорын, тіл байлығын, тілін дамыту. Балалардың ұғымталдыққа, | **Дидактикалық ойын: «Жаңа сөз ойла» Мақсаты:** дыбысымен таныстыру. Сөз ішіндегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетінін ұғындыру. Балаларға дыбысы бар сөз, сөйлем ойлату.**Көрнекіліктер:** қоржын, асықтар.**Ойынның** | **Дидактикалық ойын: «Сөзді есіңе сақта» Мақсаты:** балалардың сөздік қорын молайту, ойлау қабілетін дамыту.**Көрнекіліктер** : қиықшалар (текшелер)**Ойынның барысы:** тәрбиеші өтілген жаңа дыбысқа байланысты сөздерді сол ретте қайталап айтып шығулары керек. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әдептілікке тәрбиелеу.<br>**Көрнекіліктер:** суреттер, жұмбақтар.<br>**Ойынның барысы:** тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Балалар жұмбақтың жауабын тауып, сол сөзге сөйлем құрайды. Суреттер көріп, оған сөйлем құрайды. Ойын соңында сөйлемді көп, әрі шапшаң тауып құраған балалар мадақталады. | **барысы:** балалар «Б» дыбысынан басталатын сөздер ойлайды. Сөздердегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз екенін ажырату. «Ь» дыбысынан басталатын сөздерді кім көп ойласа, соған асық беріледі. Асығы көп бала жеңімпаз атанады. | Сөздерді шатастырып алса, қолындағы бір қиықшасын тәрбиешіге, не ойын бастаушы балаға береді. Кім қолындағы қиықшасын көбірек сақтаса, сол жеңімпаз болады. | | |
| **Қосымша үйірмелердің іс-әрекеті ойын түрінде, интеграцияланған ҮІӘ Белсендік орталықтарындағы жұмыс** | **Балалардың өз таңдауымен дербес ойын** | **Балалардың өз таңдауымен дербес ойын** | **Балалардың өз таңдауымен дербес ойын** | **Бейнелеу: 09.50-10.20 Балалардың өз таңдауымен дербес ойын** | **Балалардың өз таңдауымен дербес ойын** |
| **Кіріктірілген іс-әрекет сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет: Мақсаты: Байланыстырған сөйлеу:** Сын есімдер мен үстеулерді қолданады. **Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті:** эпитеттерді, салыстыруларды қолданады. **Театрландырған әрекет дағдыларын дамыту:** Сахналық қойылымдарға белгілі образды сомдауда эксперимент жасайды, түрлендіруге мүмкіндік алады.. | | | | | |
| | **Дидактикалық ойын: «Телефон».**<br>**Мақсаты:** естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге | | **Дидактикалық ойын: «Біздің ертегі»**<br>**Мақсаты:** Балаларды өз ойларынан ертегі | **Дидактикалық ойын: «Мен қай ертегіденмін?»**<br>**Мақсаты:** Балаларды ертегіні | **Дидактикалық ойын: «Біздің ертегі».**<br>**Мақсаты:**<br>**Мақсаты:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыландыру, диалогты сөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту.<br>**Көрнекіліктер:**<br>Телефон.<br>**Ойын шарты:**<br>Телефон арқылы естіген сөзді басқа балаға жеткізесіңдер. Айтылған сөзді құлаққа ешкім естімейтіндей етіп айтуымыз керек. Егер телефон үзіліп қалса, телефон үзген бала айыбын төлейді. (Мысалы: мақал, өлеі, т.б. белгенін айтуға болады).<br>Телефон арқылы екі бала:<br>Алло, алло!<br>Иә, тыңдап тұрмын.<br>Мен Асқармын.<br>Ал, мен Саматпын.<br>Не істеп жатырсың?<br>Мен ойыншықтарды жинап жатырмын.<br>Т.с.с. | | құрастыруға, оны бейнелеуге үйрету. Шығармашылық қиялдарын дамыту. Көркем әдебиетті қолдана отырып, кейіпкерлерге дұрыс баға беруді үйрету. Балалардың тіл байлығын дамыту. | зейін қойып тыңдауға үйрету. Ертегінің сөздерін жаттауға, ертегіге дұрыс баға беруді үйрету. Балалардың тіл байлығын дамыту. Құрал-жабдықтар: Таныс ертегілерге иллюстрациялар, ертегі жазылған таспалар | Балаларды өз ойларынан ертегі құрастыруға, оны бейнелеуге үйрету. Шығармашылық қиялдарын дамыту. Көркем әдебиетті қолдана отырып, кейіпкерлерге дұрыс баға беруді үйрету. Балалардың тіл байлығын дамыту. |

**Қазақ тілі: Мақсаты: Тілдің грамматикалық құрылымы:** Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізеді.
**Байланыстырып сөйлеу:** Берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастырады.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тиым сөздер** | **Қонақ күту** | **Ойын: «Тымпи -** | **Ойын:** «Ақ сүйек». | **Ораза айт** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
